

**Шарбақты аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қазандағы  
«Шарбақты аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік  
мекемесінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру  
қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы» № 91/27 шешімінің  
күші жойылды деп тану туралы шешіміне  
БАСПАСӨЗ- РЕЛИЗИ**

Осы жоба Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабы, 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Шешімнің күші жойылды деп танылған «Шарбақты аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәліктерін беру тәртібін анықтау мақсатында қабылданды.

«Сәйкестендіру карталарының сипаттамасын, оларды беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 69 бұйрығымен Б корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің сәйкестендіру карталарының сипаттамасы бекітілді.

Осыған байланысты, Шарбақты аудандық мәслихатының «Шарбақты аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы № 91/27 шешімінің күші жойылды деп тану туралы» жобасы мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметтік куәліктерін беру қағидалары мен сипаттамасының күші жойылды деп танылуын көздейді.

Шешім жобасын іске асыру жергілікті бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді және әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарларға әкеп соқпайды.